# Эмитенттерге және олардың қор биржасында айналысқа жіберілетін бағалы қағаздарына, сондай-ақ қор биржасы ресми тізімінің жекелеген санаттарына қойылатын талаптарды бекіту және Қазақстан Республикасының кейбір нормативтік құқықтық актілеріне бағалы қағаздар нарығын реттеу мәселелері бойынша өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2017 жылғы 27 наурыздағы № 54 қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2017 жылғы 26 мамырда № 15175 болып тіркелді.

Ескерту. Қаулының тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 12.09.2022 № 65 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

РҚАО-ның ескертпесі!

Осы қаулы 01.06.2017 ж. бастап қолданысқа енгізіледі

"Бағалы қағаздар рыногы туралы" 2003 жылғы 2 шілдедегі, "Мемлекеттік статистика туралы" 2010 жылғы 19 наурыздағы Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. Мыналар бекітілсін:

1) Осы қаулыға 1-қосымшаға сәйкес эмитенттерге және олардың қор биржасында айналысқа жіберілетін бағалы қағаздарына, сондай-ақ қор биржасы ресми тізімінің жекелеген санаттарына қойылатын талаптар;

2) Осы қаулыға 2-қосымшаға сәйкес өзгерістер енгізілетін бағалы қағаздар нарығын реттеу мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің тізбесі.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 12.09.2022 № 65 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

2. Осы қаулыға 3-қосымшаға сәйкес тізбе бойынша Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің, сондай-ақ Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актісінің құрылымдық элементінің күші жойылды деп танылсын.

3. Қаржы нарығының әдіснамасы департаменті (Әбдірахманов Н.А.) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) Заң департаментімен (Сәрсенова Н.В.) бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы қаулы мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі қағаз және электрондық түрдегі көшірмесін "

Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде ресми жариялау және оған енгізу үшін жіберуді;

3) осы қаулы ресми жарияланғаннан кейін оны Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми интернет-ресурсына орналастыруды қамтамасыз етсін.

4. Қаржылық қызметтерді тұтынушылардың құқықтарын қорғау және сыртқы коммуникациялар басқармасы (Терентьев А.Л.) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін мерзімді баспасөз басылымдарында ресми жариялауға жіберуді қамтамасыз етсін.

5. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары О.А. Смоляковқа жүктелсін.

6. Осы қаулы 2017 жылғы 1 маусымнан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға жатады.

*Ұлттық Банк Төрағасы* *Д. Ақышев*

"КЕЛІСІЛДІ"
Қазақстан Республикасының
___________ Н. Айдапкелов
28 сәуір 2017 жылғы

Қазақстан Республикасы
Ұлттық Банкі Басқармасының
2017 жылғы 27 наурыздағы
№ 54 қаулысына
1-қосымша

**Эмитенттерге және олардың қор биржасында айналысқа жіберілетін бағалы қағаздарына, сондай-ақ қор биржасы ресми тізімінің жекелеген санаттарына қойылатын талаптар**

Ескерту. Талаптардың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 12.09.2022 № 65 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

1. Осы Эмитенттерге және олардың қор биржасында айналысқа жіберілетін бағалы қағаздарына, сондай-ақ қор биржасы ресми тізімінің жекелеген санаттарына қойылатын талаптар (бұдан әрі – Талаптар) "Бағалы қағаздар рыногы туралы" Қазақстан Республикасының Заңы (бұдан әрі – Заң) 89-бабының 1-тармағына сәйкес әзірленді және эмитенттерге және олардың қор биржасында айналысқа жіберілетін бағалы қағаздарына, сондай-ақ қор биржасы тізімінің жекелеген санаттарына қойылатын талаптарды айқындайды.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 22.01.2025 № 1 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

2. Талаптардың мақсаттары үшін мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) алаң секторы - Талаптарға және (немесе) қор биржасының ішкі құжаттарына сәйкес келетін эмиссиялық бағалы қағаздар енгізілген (айналысқа жіберілген) қор биржасының ресми тізімі алаңының бөлігі;

2) борыштық бағалы қағаз - иесінің эмитенттен негізгі борыш сомасын осы бағалы қағаздар шығарылымы шарттарында алуға құқығын растайтын бағалы қағаз;

3) жергілікті атқарушы органдардың облигациялары - облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органдары шығарған Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздары;

4) исламдық бағалы қағаздар - исламдық жалдау сертификаттары, исламдық қатысу сертификаттары және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес исламдық бағалы қағаздар деп танылған өзге бағалы қағаздар;

5) қор биржасының ресми тізімі - енгізілуі және болуы үшін бағалы қағаздар мен бағалы қағаздар эмитенттері Талаптарға сәйкес келетін қор биржасы тізімінің бір бөлігі ;

6) қор биржасының тізімі - қор биржасының ішкі құжаттарына сәйкес жасалған, қор биржасының сауда жүйесінде айналысқа рұқсат етілген қаржы құралдарының тізімі;

7) листингтік компания - бағалы қағаздары қор биржасының ресми тізіміне енгізілген (қор биржасының ресми тізімінде айналысқа жіберілген) заңды тұлға;

8) ресми тізім алаңы - қор биржасының секторлардан тұратын ресми тізімінің бөлігі ;

9) рұқсат беру бастамашысы - бастамасымен бағалы қағаздары қор биржасының ресми тізіміне енгізілетін (жіберілетін) эмитент, қор биржасы не қор биржасының мүшесі;

10) сауда алаңы - қор биржасының бағдарламалық-техникалық кешенінің бөлігі, ол арқылы ресми тізімге енгізілген (қор биржасында айналысқа жіберілген) қаржы құралдарының жекелеген түрлерімен мәмілелер жасалады;

11) эмитенттің міндеттемелерін қайта құрылымдау - "Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы" Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген тәртіппен бекітілген қайта құрылымдау жоспарының негізінде эмитент іске асыратын әкімшілік, заңдық, қаржылық, ұйымдастыру-техникалық және басқа да іс-шаралар мен рәсімдердің не "Оңалту және банкроттық туралы" Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген тәртіппен бекітілген сауықтыру жоспарының кешені".

Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 12.09.2022 № 65 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

3. Қазақстан Республикасының ұйымдастырылған бағалы қағаздар нарығындағы айналысқа Қазақстан Республикасынан басқа мемлекеттердің заңнамасына сәйкес шығарылған, қор биржасының тізіміне енгізілген (тізімде айналыста болуға рұқсат берілген) бағалы қағаздарға рұқсат беріледі.

Қазақстан Республикасының ұйымдастырылған бағалы қағаздар нарығындағы айналысқа құны Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына сәйкес қаржы құралдары немесе қаржы активтері болып табылмайтын және кімнен болмасын талап ету құқығы жоқ криптография және (немесе) компьютерлік есептеу құралдарын қолдана отырып орталықтандырылмаған ақпараттық жүйеде құрылатын және есепке алынатын шамалардың құнына (құнының өзгеруіне) байланысты болатын қаржы құралдарына рұқсат берілмейді.

Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 29.10.2018 № 267 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

4. Қор биржасының тізімі қор биржасының ресми тізімінен, "Листингтік емес бағалы қағаздар" секторынан, сондай-ақ қор биржасының ішкі құжаттарында көзделген жеке алаңдардан, секторлардан, санаттардан және шағын санаттардан тұрады.

Ескерту. 4-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 30.07.2018 № 165 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

5. Қор биржасының ресми тізіміне Қазақстан Республикасының және басқа мемлекеттердің заңнамасына сәйкес шығарылған бағалы қағаздар, соның ішінде базалық активі Қазақстан Республикасының және басқа мемлекеттердің заңнамасына сәйкес шығарылған мемлекеттік емес бағалы қағаздар болып табылатын туынды бағалы қағаздар енгізіледі (рұқсат беріледі).

6. Қор биржасының ресми тізімі мынадай оқшауланған алаңдардан тұрады:

1) "Негізгі";

2) "Баламалы";

3) "Аралас";

4) қор биржасының ішкі құжаттарына сәйкес құрылатын және жұмыс істейтін өзге алаңдар.

7. Қор биржасының ресми тізімінің алаңдары жекелеген секторларға бөлінеді.

Қор биржасының ресми тізімі алаңдарының секторлары жекелеген санаттарға және шағын санаттарға бөлінуі мүмкін.

Бағалы қағаздарды "Негізгі" және "Баламалы" алаңдарының тиісті секторларына бөлу критерийлері (талаптары) қор биржасының ішкі құжаттарында белгіленеді.

8. "Негізгі" алаңы мынадай секторлардан тұрады:

1) акциялар;

2) борыштық бағалы қағаздар;

3) банктік депозит сертификаттары;

4) қор биржасының ішкі құжаттарына сәйкес құрылатын және жұмыс істейтін өзге секторлар.

9. "Негізгі" алаңының "Акциялар" секторы екі санатқа бөлінеді: "премиум" санаты және "стандарт" санаты.

"Премиум" санаты еркін айналыстағы акцияларының саны (эмитент сатып алғандарды, ауыртпалық салынғандарды және (немесе) оқшауланғандарды қоспағанда) орналастырылған акцияларының жалпы санының кемінде 10 (он) пайызын құрайтын ( орналастырғаннан кейін құрайтын) эмитенттерге арналған.

Осы тармақтың бірінші бөлігінде белгіленген талап еркін айналыстағы жай акцияларының жиынтық нарықтық құны кемінде 100 (жүз) миллиард теңгені құрайтын (орналастырылғаннан кейін құрайтын) және/немесе еркін айналыстағы акцияларының саны кемінде 5 (бес) миллион дана құрайтын (орналастырылғаннан кейін құрайтын) эмитенттерге қолданылмайды.

Ескерту. 9-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 06.02.2024 № 10 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

10. Эмитенттің акцияларын "Негізгі" алаңының "акциялар" секторына енгізу және олардың онда болуы үшін осы бағалы қағаздар мен олардың эмитенті мынадай талаптарға сәйкес келеді:

1) эмитент қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттарына (International Financial Reporting Standards – IFRS) (бұдан әрі – ҚЕХС) немесе Америка Құрама Штаттарында қолданылатын қаржылық есептілік стандарттарына (General Accepted Accounting Principles – GAAP) (бұдан әрі – АҚШ ҚЕС) сәйкес қаржылық есептілікті жасайды;

2) осы тармақтың 1) тармақшасының талаптарына сәйкес жасалған эмитенттің қаржылық есептілігінің аудитін қор биржасымен танылатын аудиторлық ұйымдардың тізбесіне енген аудиторлық ұйымдардың бірі жүргізеді;

3) Қазақстан Республикасының резиденттері - акционерлік қоғамдарға қатысты – эмитент акционерлерінің жалпы жиналысы бекіткен корпоративтік басқару кодексінің болуы.

Қазақстан Республикасының бейрезиденттеріне қатысты - корпоративтік басқару кодексінің немесе егер оның болуы заңды тұлға ретінде эмитентті тіркеген елдің заңнамасында көзделген жағдайда, эмитенттің заңды тұлға ретінде тіркелген елінің заңнамасында көзделген тәртіппен бекітілген, мазмұны бойынша ұқсас өзге құжаттың болуы;

4) эмитенттің құрылтай құжаттарында және (немесе) бағалы қағаздар, оның ішінде депозитарлық қолхаттар шығарылымының проспектісінде бағалы қағаздардың меншік иелерінің оларды иеліктен шығару (тапсыру) құқықтарына нұқсан келтіретін немесе шектейтін нормалар болмайды;

5) акциялары осы секторға енгізуге болжанатын немесе енгізілген эмитенттерге, сондай-ақ осындай акцияларға қойылатын, қор биржасының ішкі құжаттарында белгіленетін талаптар.

11. "Негізгі" алаңының "борыштық бағалы қағаздар" секторы үш санатқа бөлінеді:

1) облигациялар;

2) коммерциялық облигациялар;

3) буферлік санат.

12 (он екі) айдан аспайтын айналыс мерзімі бар облигацияларды қоспағанда, облигацияларға борыштық бағалы қағаздар жатады.

Коммерциялық облигацияларға 12 (он екі) айдан аспайтын айналыс мерзімі бар облигациялар жатады.

12. "Негізгі" алаңының "борыштық бағалы қағаздар" секторына секьюритилендірілген және инфрақұрылымдық облигацияларды қоса алғанда, борыштық бағалы қағаздарды енгізу және олардың онда болуы үшін осы бағалы қағаздар және олардың эмитенті мынадай талаптарға сәйкес келеді:

1) эмитент ХҚЕС немесе АҚШ ҚЕС сәйкес қаржылық есептілікті жасайды;

2) осы тармақтың 1) тармақшасының талаптарына сәйкес жасалған эмитенттің қаржылық есептілігінің аудитін қор биржасымен танылатын аудиторлық ұйымдардың тізбесіне енген аудиторлық ұйымдардың бірі жүргізеді;

3) рұқсат беру бастамашысы аудиторлық есеппен расталған, қор биржасының ішкі құжаттарымен белгіленген кезеңдердегі эмитенттің қаржылық есептілігін немесе аралық қаржылық ақпаратқа шолу жасау бойынша аудитордың есебін (эмитенттің аралық қаржылық есептілігінің толық топтамасын) ұсынады;

4) Қазақстан Республикасының резиденттеріне қатысты - Заңының 89-бабы 5-тармағында белгіленген жағдайларды қоспағанда, эмитент акционерлерінің ( қатысушыларының) жалпы жиналысы бекіткен корпоративтік басқару кодексінің болуы.

Қазақстан Республикасының бейрезиденттеріне қатысты - корпоративтік басқару кодексінің немесе егер оның болуы заңды тұлға ретінде эмитентті тіркеген елдің заңнамасында көзделген жағдайда, эмитенттің заңды тұлға ретінде тіркелген елінің заңнамасында көзделген тәртіппен бекітілген, мазмұны бойынша ұқсас өзге құжаттың болуы;

5) эмитенттің құрылтай құжаттарында және (немесе) бағалы қағаздар шығарылымының шарттарында бағалы қағаздардың меншік иелерінің оларды иеліктен

шығару (тапсыру) құқықтарына нұқсан келтіретін немесе шектейтін нормалар болмайды;

6) борыштық бағалы қағаздары осы секторға енгізуге болжанатын немесе енгізілген эмитенттерге, сондай-ақ осындай борыштық бағалы қағаздарға қойылатын, қор биржасының ішкі құжаттарында белгіленетін өзге де талаптар.

Ескерту. 12-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 12.09.2022 № 65 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

13. "Негізгі" алаңының "банктік депозит сертификаттары" секторына бағалы қағаздарды енгізу және олардың онда болуы үшін осы бағалы қағаздар және олардың эмитенті қор биржасының ішкі құжаттарында белгіленген талаптарға сәйкес келеді.

14. "Баламалы" алаңы мынадай секторлардан тұрады:

1) акциялар;

2) борыштық бағалы қағаздар;

3) қор биржасының ішкі құжаттарына сәйкес құрылатын және жұмыс істейтін өзге секторлар.

15. "Баламалы" алаңының "борыштық бағалы қағаздар" секторы үш санатқа бөлінеді:

1) облигациялар;

2) коммерциялық облигациялар;

3) буферлік санат.

12 (он екі) айдан аспайтын айналыс мерзімі бар облигацияларды қоспағанда, облигацияларға борыштық бағалы қағаздар жатады.

Коммерциялық облигацияларға 12 (он екі) айдан аспайтын айналыс мерзімі бар облигациялар жатады.

16. Эмитенттің борыштық бағалы қағаздары қор биржасының ресми тізімінің " Негізгі" және "Баламалы" алаңдарының "борыштық бағалы қағаздар" секторының " буферлік санат" санатына мынадай негіздер бойынша аударылады:

1) эмитенттің өз міндеттемелері бойынша сыйақыны (егер борыштық бағалы қағаздардың аталған шығарылымы қор биржасының ресми тізіміндегі осы эмитенттің борыштық бағалы қағаздарының жалғыз шығарылымы болып табылған жағдайда, соңғы купондық кезең бойынша сыйақыны қоспағанда) төлеу дефолты;

2) эмитенттің директорлар кеңесі (акционерлік қоғамнан бөлек, өзге ұйымдық-құқықтық нысанда құрылған эмитенттің қадағалау кеңесі) эмитенттің міндеттемелерін қайта құрылымдау туралы шешім қабылдауы.

17. Қор биржасы эмитенттің борыштық бағалы қағаздарын қор биржасының ресми тізімінің "Негізгі" және "Баламалы" алаңдарының "борыштық бағалы қағаздар"

секторының "буферлік санат" санатына аудару үшін негіздер туындаған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде эмитентке (рұқсатнаманың бастамашысына) осындай негіздер туралы хабарлама жібереді.

18. Эмитенттің бағалы қағаздарын қор биржасының Талаптардың 16-тармағының 1) тармақшасында көзделген ресми тізімінің тиісті алаңының "борыштық бағалы қағаздар " секторының "буферлік санат" санатына аудару үшін негіздер туындаған кезде эмитент (рұқсатнамасының бастамашысы) қор биржасына бағалы қағаздар шығарылымының шарттарында белгіленген борыштық бағалы қағаздар бойынша міндеттемелердің орындалмағаны туралы бағалы қағаздар шығарылымының шарттарында белгіленген орындалу күніне дейін үш жұмыс күнінен кешіктірмей хабарлайды.

Ескерту. 18-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 12.09.2022 № 65 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

19. Эмитент (рұқсатнаманың бастамашысы) міндеттемелерді қайта құрылымдау туралы эмитенттің директорлар кеңесі (акционерлік қоғамнан бөлек, өзге ұйымдық-құқықтық нысанда құрылған эмитенттің қадағалау кеңесі) шешім қабылдаған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей қор биржасына осы факті туралы хабарлайды.

20. Эмитент (рұқсат беру бастамашысы) қор биржасының жазбаша хабарламасын алған күннен не эмитентті және оның бағалы қағаздарын қор биржасының ресми тізімі тиісті алаңының "борыштық бағалы қағаздар" секторының "буферлік санат" санатына аудару үшін Талаптардың 16-тармағында көзделген негіздемелер туындаған күннен бастап жиырма жұмыс күні ішінде қор биржасының атына эмитенттің директорлар кеңесі (акционерлік қоғамнан бөлек, өзге ұйымдық-құқықтық нысанда құрылған эмитенттің бақылау кеңесі) бекіткен эмитенттің бағалы қағаздарын қор биржасының ресми тізімі тиісті алаңының "борыштық бағалы қағаздар" секторының "буферлік санат " санатына аударым жасау үшін Талаптардың 16-тармағында көзделген негіздемелерін жою жөніндегі іс-шаралардың жоспарын (бұдан әрі – іс-шаралар жоспары) жібереді.

Қор биржасы іс-шаралар жоспарын алған күні оны өзінің интернет-ресурсында орналастырады.

Іс-шаралар жоспарында:

эмитент қызметінің қысқаша сипаттамасы;

эмитенттің бағалы қағаздарын қор биржасының ресми тізімі тиісті алаңының " борыштық бағалы қағаздар" секторының "буферлік санат" санатына аударым жасау үшін негіздемелер туындауының негізгі себептері;

қаржылық жағдайды қалпына келтіруге бағытталған, эмитенттің орындауға ұйғарылған негізгі іс-шаралары;

іс-шаралар жоспарында көзделген іс-шаралардың әрқайсысының орындалу мерзімдері;

эмитенттің негізгі қаржылық көрсеткіштерінің болжамы;

іс-шаралар жоспарында көзделген іс-шаралардың орындалуына жауапты тұлғалардың тізбесі қамтылады.

Эмитенттің іс-шаралар жоспарына қатысты қосымша талаптар қор биржасының ішкі құжаттарында белгіленеді.

Осы тармақта белгіленген талаптар қайта құрылымдау процесінде тұрған екінші деңгейдегі банктерге қолданылмайды.

21. Қайта құрылымдау процесінде тұрған екінші деңгейдегі банктің бағалы қағаздарын қор биржасының ресми тізімі тиісті алаңының "борыштық бағалы қағаздар" секторының "буферлік санат" санатына аударым жасау екінші деңгейдегі банктің атқарушы органының бірінші басшысы не аталған екінші деңгейдегі банктің атқарушы органының басшысының міндетін атқаратын тұлға қол қойған өтініштің негізінде, осы аударым жасауды қор биржасының құзыретіне листинг, делистинг немесе бағалы қағаздар тізімінің санатын ауыстыру мәселелерін қарау кіретін органы (бұдан әрі – листингтік комиссия) мақұлдаған жағдайда жүргізіледі.

22. Қор биржасы іс-шаралар жоспарын алған күннен кейінгі 15 (он бес) жұмыс күні ішінде іс-шаралар жоспарын қарайды және оны қабылдау не қабылдамау туралы шешім қабылдайды.

23. Іс-шаралар жоспарын қабылдау не қабылдамау туралы шешімді листингтік комиссия қабылдайды.

24. Листингтік комиссия іс-шаралар жоспарын қабылдаған жағдайда эмитенттің борыштық бағалы қағаздарының барлық шығарылымы қор биржасының ресми тізімінің тиісті алаңының "борыштық бағалы қағаздар" секторының "буферлік санат" санатына, листингтік комиссия іс-шаралар жоспарын қабылдамаған жағдайда – делистингке аударым жасауға жатады.

25. Эмитенттің бағалы қағаздары қор биржасының ресми тізімі тиісті алаңының " борыштық бағалы қағаздар" секторының "буферлік санат" санатында болған кезеңде эмитенттің директорлар кеңесі (акционерлік қоғамнан бөлек, өзге ұйымдық-құқықтық нысанда құрылған эмитенттің бақылау кеңесі) бекітетін іс-шаралар жоспарына эмитенттің өзгерістер енгізуіне рұқсат етіледі.

26. Листингтік комиссия іс-шаралар жоспарына өзгерістерді алған күннен кейінгі 10 (он) жұмыс күні ішінде іс-шаралар жоспарына өзгерістерді қабылдау не қабылдамау туралы шешім қабылдайды.

27. Листингтік комиссияның іс-шаралар жоспарына өзгерістерді қабылдамау туралы шешімінде эмитенттің бағалы қағаздары қор биржасының ресми тізімі тиісті

алаңының "борыштық бағалы қағаздар" секторының "буферлік санат" санатына оларды Талаптардың 35-тармағына сәйкес делистингке негіздер жоқ болған жағдайда " буферлік санат" санатында қалатыны туралы ақпарат болады.

28. Эмитент өзінің бағалы қағаздарын қор биржасының ресми тізіміне "борыштық бағалы қағаздар" секторының "буферлік санат" санатына аударым жасауға не делистингке негіздерді жойған және бағалы қағаздарды қор биржасының ресми тізіміне "борыштық бағалы қағаздар" секторының "буферлік санат" санатына аударым жасау не делистинг туралы шешім қабылдаған сәтке дейін қор биржасына растайтын құжаттарды ұсынған жағдайда осы бағалы қағаздар эмитенттің борыштық бағалы қағаздарын Талаптардың 16-тармағында көзделген қор биржасының ресми тізімінің " Негізгі" және "Баламалы" алаңдарының "борыштық бағалы қағаздар" секторының " буферлік санат" санатына аударым жасау үшін негіздер туындау сәтінде болған қор биржасының ресми тізімінің санатында қалады.

29. Бағалы қағаздардың қор биржасының ресми тізімінің "Негізгі" алаңы үшін " борыштық бағалы қағаздар" секторының "буферлік санат" санатында болуының ең жоғары мерзімі эмитенттің бағалы қағаздарын қор биржасының ресми тізімінің осы алаңының "борыштық бағалы қағаздар" секторының"буферлік санат" санатына аударым жасау туралы шешім қабылданған күннен бастап 12 (он екі) айды, "Баламалы" алаңы үшін – көрсетілген күннен бастап 24 (жиырма төрт) айды құрайды.

30. Бағалы қағаздардың қор биржасының ресми тізімі тиісті алаңының "борыштық бағалы қағаздар" секторының "буферлік санат" санатында болған кезеңде эмитент ( рұқсат беру бастамашысы) тоқсан сайынғы негізде және қор биржасының ресми сұрау салуы бойынша қор биржасына мыналарды береді:

1) тізбесі қор биржасының ішкі құжаттарымен және эмитенттің қызметіндегі маңызды оқиғалар туралы мәліметтер бар листингтік шартпен айқындалатын есептілік пен ақпарат;

2) іс-шаралар жоспарында көзделген іс-шараларды орындау туралы ақпарат.

31. Эмитенттің бағалы қағаздарын қор биржасының ресми тізімінің "Негізгі" алаңының "борыштық бағалы қағаздар" секторының "буферлік санат" санатына Талаптардың 29-тармағында белгіленген мерзімде аударым жасауға негіздер жойылған жағдайда, осы бағалы қағаздар листингтік комиссия шешімінің негізінде қор биржасының ресми тізімінің "Негізгі" алаңының "борыштық бағалы қағаздар" секторының "буферлік санат" санатынан қор биржасының ресми тізімінің "Негізгі" алаңының "борыштық бағалы қағаздар" секторының олар бұдан бұрын болған тиісті санатына аударым жасалады, ал осы санаттың талаптарына сәйкес келмесе қор биржасының ресми тізімінің "Баламалы" алаңының "борыштық бағалы қағаздар" секторының тиісті санатына аударым жасалады.

32. Эмитенттің бағалы қағаздарын қор биржасының ресми тізімінің "Негізгі" алаңының "борыштық бағалы қағаздар" секторының "буферлік санат" санатына

Талаптардың 29-тармағында белгіленген мерзімде аударым жасауға негіздер жойылған жағдайда, осы бағалы қағаздар листингтік комиссия шешімінің негізінде қор биржасының ресми тізімінің "Негізгі" алаңының "борыштық бағалы қағаздар" секторының "буферлік санат" санатынан қор биржасының ресми тізімінің "Негізгі" алаңының "борыштық бағалы қағаздар" секторының олар бұдан бұрын болған тиісті санатына аударым жасалады, ал осы санаттың талаптарына сәйкес келмесе олар делистингке ұшырайды.

33. Эмитенттің міндеттемелерін қайта құрылымдау жүргізілген жағдайда оның бағалы қағаздарын қор биржасының ресми тізімінің тиісті алаңының бұрын болған " борыштық бағалы қағаздар" секторының "буферлік санат" санатына аударым жасауға эмитенттің міндеттемелерін қайта құрылымдаудың аяқталуын және эмитенттің және оның бағалы қағаздарының қор биржасының ресми тізімінің "борыштық бағалы қағаздар" секторының осы санатының талаптарына сәйкестігін растайтын құжаттардың негізінде қабылданған листингтік комиссияның шешімі негіз болып табылады.

34. Егер эмитент өзінің бағалы қағаздары қор биржасының ресми тізімі тиісті алаңының "борыштық бағалы қағаздар" секторының "буферлік санат" санатында болған уақытта міндеттемелерді қайта құрылымдау туралы жарияласа, оның бағалы қағаздары қор биржасының ресми тізіміне "борыштық бағалы қағаздар" секторының " буферлік санат" санатында қалады.

35. Эмитенттің бағалы қағаздары мынадай жағдайларда делистингке жатады:

1) қайта ұйымдастырылу немесе таратылу нәтижесінде эмитенттің қызметі тоқтатылғанда не эмитент мәжбүрлеп таратылу процесінде болғанда;

2) эмитенттің өз міндеттемелері бойынша сыйақыны (соңғы купондық кезеңдегі сыйақыны қоспағанда) төлеу бойынша дефолт және эмитент Талаптардың 20-тармағында көзделген іс-шаралар жоспарын ұсынбағанда;

3) Талаптардың 16-тармағының 2) тармақшасында көрсетілген негіз туындағанда кезде эмитент Талаптардың 20-тармағында көзделген іс-шаралар жоспарын не Талаптардың 21-тармағында көзделген екінші деңгейдегі банктің өтінішінұсынбағанда;

4) листингтік комиссия Талаптардың 20-тармағында көрсетілген іс-шаралар жоспарын қабылдамағанда;

5) эмитенттің директорлар кеңесі (акционерлік қоғамнан бөлек, өзге ұйымдық-құқықтық нысанда құрылған эмитенттің бақылау кеңесі) осы эмитенттің міндеттемелерін қайта құрылымдау туралы шешім қабылдамағанда эмитенттің бағалы қағаздары қор биржасының ресми тізімі тиісті алаңының "борыштық бағалы қағаздар" секторының "буферлік санат" санатында болғанда міндеттемелері бойынша дефолтында;

6) Талаптардың 16-тармағында көзделген қор биржасының ресми тізімі тиісті алаңының "борыштық бағалы қағаздар" секторының "буферлік санат" санатына

аударым жасау үшін негіздемені жою мүмкін еместігі фактісін қор биржасының анықтауы;

7) Талаптардың 29-тармағымен белгіленген мерзімде Талаптардың 16-тармағында көрсетілген қор биржасының ресми тізімі "Негізгі" және "Баламалы" алаңдарының " борыштық бағалы қағаздар" секторының "буферлік санат" санатына эмитенттің борыштық бағалы қағаздарын аударым жасау үшін негіздемелерді жоймау;

8) соттың эмитентті банкрот деп тануы;

9) эмитенттің мүлкін осы эмитенттің активтерінің 50 (елу) пайызынан асатын мөлшерде тыйым салу;

10) эмитенттің (рұқсат беру бастамашысының) эмитенттің болған кезінде және оның бағалы қағаздары осы Талаптардың 30-тармағында көрсетілген тізбеде қор биржасының ресми тізімінің "борыштық бағалы қағаздар" секторындағы "буферлік санат" санатындағы ақпаратты ұсынбауы;

11) іс-шаралар жоспарымен көзделген іс-шаралардың орындалмауы;

12) қор биржасының ішкі құжаттарымен көзделген басқа жағдайлар.

36. "Аралас" алаңы мынадай секторлардан тұрады:

1) исламдық бағалы қағаздар;

2) инвестициялық қорлардың бағалы қағаздары;

3) туынды бағалы қағаздар;

4) халықаралық қаржы ұйымдарының бағалы қағаздары;

5) мемлекеттік бағалы қағаздар;

6) құрылуы және жұмыс істеуі қор биржасының ішкі құжаттарына сәйкес жүзеге асырылатын өзге секторлар.

36-1. Ашық инвестициялық пай қорларының және тәуекелмен инвестицияланатын инвестициялық пай қорларының пайларын "Аралас" алаңының "инвестициялық қорлардың бағалы қағаздары" секторына енгізу және олардың онда болуы үшін осы бағалы қағаздар мен олардың эмитенттері мынадай талаптарға сәйкес келеді:

1) инвестициялық пай қорының пайларын ұстаушылар саны қор биржасының ресми тізіміне енгізуге өтініш берген күні кемінде бес болады;

2) олардың қор биржасының ресми тізімінде болуының бүкіл мерзімі ішінде осы бағалы қағаздардың маркет-мейкерінің болуы;

3) ашық инвестициялық пай қорларының және тәуекелмен инвестицияланатын инвестициялық пай қорларының пайларын осы секторға енгізу болжанған немесе енгізілген эмитенттерге, сондай-ақ осындай пайларға қойылатын, қор биржасының ішкі құжаттарында белгіленетін талаптарға.

Тәуекелмен инвестицияланатын акционерлік инвестициялық қордың акцияларын " Аралас" алаңының "инвестициялық қорлардың бағалы қағаздары" секторына енгізу және олардың онда болуы үшін осы бағалы қағаздар және олардың эмитенттері мынадай талаптарға сәйкес келеді:

1) рұқсат беруге бастамашы ретінде "қор" санаты бойынша Биржа мүшесі іс-әрекет жасайды;

2) инвестициялық қор акционерлерінің саны қор биржасының ресми тізіміне енгізуге өтініш берген күні кемінде бес болады;

3) олардың қор биржасының ресми тізімінде болуының бүкіл мерзімі ішінде осы бағалы қағаздардың маркет-мейкерінің болуы;

4) тәуекелмен инвестицияланатын инвестициялық пай қорларының акцияларын осы секторға енгізу болжанған немесе енгізілген эмитенттерге, сондай-ақ осындай акцияларға қойылатын, қор биржасының ішкі құжаттарында белгіленетін талаптарға.

Бағалы қағаздар қор биржасының ресми тізімінде болған кезде ашық инвестициялық пай қорының, тәуекелмен инвестицияланатын инвестициялық пай қорының және тәуекелмен инвестицияланатын акционерлік инвестициялық қордың басқарушы компаниясы туралы ақпаратты ашу қор биржасының ішкі құжаттарына сәйкес жүзеге асырылады.

Тәуекелмен инвестицияланатын инвестициялық қор туралы мәліметтерді ашу " Инвестициялық және венчурлік қорлар туралы" Қазақстан Республикасы Заңының талаптарына және қор биржасының ішкі құжаттарына сәйкес жүзеге асырылады.

Ескерту. 36-1-тармақпен толықтырылды – ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 12.02.2021 № 26 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

37. Бағалы қағаздарды қор биржасының ресми тізімі алаңдарының Талаптардың 6-тармағында көзделген секторларына, санаттарына енгізу, оларды олардан шығару және тізім санатын ауыстыру не алаңды ауыстыру талаптары мен тәртібі, сондай-ақ бағалы қағаздары қор биржасының ресми тізімі алаңдарының Талаптардың 6-тармағында көзделген секторларына, санаттарына енгізуге болжанатын немесе енгізілген эмитенттерге, сондай-ақ осындай бағалы қағаздарға қойылатын талаптар қор биржасының ішкі құжаттарында белгіленеді.

Ескерту. 37-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 22.01.2025 № 1 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

38. Эмитенттердің бағалы қағаздарын қор биржасының ресми тізіміне енгізу және олардың онда ықшамдалған рәсім бойынша болуы үшін осы бағалы қағаздар мен олардың эмитенттері мынадай талаптарға сәйкес келеді:

1) осы бағалы қағаздар қор биржасымен танылатын биржалар тізбесіне кіретін қор биржаларының бірінің ресми тізіміне енгізіледі, не егер депозитарлық қолхаттар бағалы қағаздар болып табылса, базалық активі болып табылатын осы депозитарлық қолхаттар немесе акциялар қор биржасымен танылатын биржалар тізбесіне кіретін қор биржаларының бірінің ресми тізіміне алдын ала енгізіледі;

2) осы бағалы қағаздардың эмитенттері туралы ақпаратты ашу заңды тұлға ретінде осы қор биржаларының тіркелген елінің заңнамасына және осы қор биржаларының ішкі құжаттарына сәйкес жүзеге асырылады.

Егер ықшамдалған рәсім бойынша қор биржасының ресми тізіміне депозитарлық қолхаттар енгізілсе, осы тармақшаның бірінші абзацының талабы депозитарлық қолхаттардың эмитентіне емес, осы депозитарлық қолхаттардың базалық активі болып табылатын акциялар эмитентіне қолданылады;

3) эмитенттің құрылтай құжаттарында және (немесе) бағалы қағаздар, оның ішінде депозитарлық қолхаттар шығарылымы шарттарында бағалы қағаздардың меншік иелерінің оларды иеліктен алу (жіберу) құқықтарына қысым жасайтын және шектейтін нормалар болмайды.

Осы тармақшаның талабы шет мемлекеттің заңнамасына сәйкес шығарылған бейрезидент-эмитенттердің бағалы қағаздарына қолданылмайды.

Ескерту. 38-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 12.09.2022 № 65 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

39. Эмитенттердің бағалы қағаздарын қор биржасының ресми тізіміне енгізу (айналысқа жіберу) және олардың онда ықшамдалған рәсім бойынша болуы Талаптардың 38-тармағының 1) және 2) тармақшаларында белгіленген талаптарды сақтамай қор биржасының ішкі құжаттарына сәйкес мынадай жағдайларда жүзеге асырылады:

1) егер бұл бағалы қағаздар айналыс мерзімі 12 (он екі) айдан аспайтын облигациялар болып табылса;

2) егер бұл бағалы қағаздар "халықаралық қаржы ұйымдарының бағалы қағаздары" секторында "Аралас" алаңында айналысқа жіберілетін халықаралық қаржы ұйымдарының бағалы қағаздары болып табылса.

Эмиссиялық бағалы қағаздары қор биржасының сауда жүйесінде айналысқа жіберілетін халықаралық қаржы ұйымдарының тізбесі қор биржасының ішкі құжаттарында белгіленеді;

3) "мемлекеттік бағалы қағаздар" секторында "Аралас" алаңында айналысқа жіберілетін жергілікті атқарушы органдардың облигацияларын қоса алғанда, егер бұл бағалы қағаздар мемлекеттік бағалы қағаздар болып табылса;

4) егер бұл бағалы қағаздар Талаптардың 8-тармағының 4) тармақшасына, 14-тармағының 3) тармақшасына және 36-тармағының 6) тармақшасына сәйкес құрылған және жұмыс істейтін қандай да бір секторларға айналысқа жіберілетін бағалы қағаздар болып табылса;

5) егер бұл бағалы қағаздардың эмитенті қор биржасы болып табылса;

6) егер бұл бағалы қағаздардың эмитенті кәсіпкерлік қызметпен байланысты емес жеке тұлғалардың ипотекалық қарыздарын сатып алуды жүзеге асыратын,

акцияларының жүз пайызы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне тиесілі заңды тұлға болып табылса.

7) егер Қазақстан Республикасының резидент-ұйымының бағалы қағаздарын Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген нормаларды орындау мақсатында қор биржасының ресми тізіміне енгізуге қор биржасының келісімі талап етілсе.

Ескерту. 39-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 21.09.2020 № 84 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

40. Бағалы қағаздарды секторлардың жекелеген санатына (шағын санатына) ықшамдалған рәсім бойынша жатқызу қор биржасының ішкі құжаттарына сәйкес жүзеге асырылады, бұл ретте қор биржасының ішкі құжаттарында Талаптардан ресми тізімге осы эмитенттерді заңды тұлға ретінде тіркейтін елдің заңнамасына негізделген ықшамдалған рәсім бойынша енгізілетін (ресми тізімдегі) бағалы қағаздардың эмитенттері үшін алып тастауға жол беріледі.

41. Қор биржасының ішкі құжаттары және бағдарламалық-техникалық құралдары мен өзге жабдықтары Талаптардың қолданысқа енгізілген күнінен бастап бір айлық мерзімде Талаптарға сәйкес келтіріледі.

Қор биржасының ішкі құжаттарымен Талаптардан басқа меншікті капиталдың, таза пайданың мөлшеріне, негізгі қызмет бойынша сату көлеміне, листингтік компанияға ( қаржылық емес ұйымдар мен лизингтік компаниялар үшін), бағалы қағаздар бойынша маркет-мейкердің болуына, еркін айналыстағы акциялардың санына қойылатын талаптарды қоса, бағалы қағаздарға, рұқсат беру бастамашыларына және листингтік компанияларға қойылатын қосымша талаптар және өзге де талаптар жол беріледі.

42. Қор биржасы тізімінің "Листингтік емес бағалы қағаздар" секторына Қазақстан Республикасының және басқа мемлекеттердің азаматтық заңнамасына сәйкес шығарылған бағалы қағаздар, оның ішінде базалық активі Қазақстан Республикасының және басқа мемлекеттердің азаматтық заңнамасына сәйкес шығарылған мемлекеттік емес бағалы қағаздар болып табылатын туынды бағалы қағаздар енгізіледі (жіберіледі).

43. Бағалы қағаздарды "Листингтік емес бағалы қағаздар" секторына айналысқа жіберу талаптары мен тәртібі, сондай-ақ бағалы қағаздардың бұл секторда болу талаптары және одан шығу талаптары қор биржасының ішкі құжаттарында айқындалады.

44. Алып тасталды – ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 22.01.2025 № 1 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

45. Бағалы қағаздарды "Листингтік емес бағалы қағаздар" секторына айналысқа жіберу қор биржасының ішкі құжаттарына сәйкес айналыстағы қаржы құралдары

тобына қарай мүшелік санаты бойынша қор биржасы мүшесінің бастамасымен жүзеге асырылады.

Ескерту. 45-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 22.01.2025 № 1 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Қазақстан Республикасы
Ұлттық Банкі Басқармасының
2017 жылғы 27 наурыздағы
№ 54 қаулысына
2-қосымша

**Өзгерістер енгізілетін Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар нарығын реттеу мәселелері бойынша нормативтік құқықтық актілерінің тізбесі**

1. "Инвестициялық қор активтерінің, инвестициялық қордың таза активтерінің құнын, инвестициялық пай қоры пайының есепті құнын және акционерлік инвестициялық қордың акцияларын сатып алу бағасын айқындау ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2004 жылғы 21 тамыздағы № 259 қаулысына ( Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3124 тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын, орыс тіліндегі мәтіні өзгермейді:

"Инвестициялық қор активтерінің, инвестициялық қордың таза активтерінің құнын, инвестициялық пай қоры пайының есептік құнын және акционерлік инвестициялық қор акциясын сатып алу бағасын айқындау қағидаларын бекіту туралы";

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Қоса беріліп отырған Инвестициялық қор активтерінің, инвестициялық қордың таза активтерінің құнын, инвестициялық пай қоры пайының есептік құнын және акционерлік инвестициялық қор акциясын сатып алу бағасын айқындау қағидалары бекітілсін.";

көрсетілген қаулымен бекітілген Инвестициялық қор активтерінің, инвестициялық қордың таза активтерінің құнын, инвестициялық пай қоры пайының есепті құнын және акционерлік инвестициялық қордың акцияларын сатып алу бағасын айқындау ережесінде:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

| | қаржы ұйымдары және тиісті рейтингілік бағасы жоқ халықаралық қаржы ұйымдары шығарған бағалы қағаздар | | | |
| 48. | Standard & Poor's агенттігінің "A-" төмен борыштық рейтингі немесе басқа рейтингілік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар Қазақстан Республикасының резидент ұйымдары, тиісті рейтингілік бағасы жоқ Қазақстан Республикасының резидент ұйымдары және Standard & Poor's агенттігінің "BBB+"-тен "BB-"-ке дейінгі борыштық рейтингі немесе басқа рейтингілік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар Қазақстан Республикасының бейрезидент ұйымдары шығарған бағалы қағаздар | | 100 | |
| 49. | Сауда-саттықты ұйымдастырушы баланста ұстап тұратын және Standard & Poor's агенттігінің "BBB+"-тен "BBB-"-ке дейінгі кредиттік рейтингі немесе басқа рейтингілік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі немесе Standard & Poor's агенттігінің ұлттық шәкілі | | 100 | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | бойынша "kzBBB+" -тен "kzBBB-"-ке дейінгі рейтингілік бағасы немесе басқа рейтингілік агенттіктердің бірінің ұлттық шәкілі бойынша осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар секьюритилендіру позициялары | | | |
| 50. | Төлемдер бойынша есеп айырысулар | | 100 | |
| 51. | Негізгі құрал-жабдықтар | | 100 | |
| 52. | Материалдық қорлар | | 100 | |
| 53. | Сыйақы және шығыстар сомасын алдын ала төлеу | | 100 | |
| V топ | | | | |
| 54. | Сауда-саттықты ұйымдастырушының негізгі қызметінің мақсаты үшін сатып алынған және 38 Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес келетін лицензиялық бағдарламалық қамтамасыз ету | | 100 | |
| 55. | Standard & Poor's агенттігінің "B-" төмен тәуелсіз рейтингі немесе басқа рейтингілік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар елдердің орталық банктеріндегі салымдар | | 100 | |
| | Standard & Poor's агенттігінің "B-" төмен борыштық рейтингі немесе басқа рейтингілік | | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 56. | агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар халықаралық қ а р ж ы ұйымдарындағы салымдар | | 100 | |
| 57. | Standard & Poor's агенттігінің "BB-" төмен борыштық рейтингі немесе басқа рейтингілік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар Қазақстан Республикасының бейрезидент ұйымдарындағы және тиісті рейтингілік бағасы жоқ Қазақстан Республикасының бейрезидент ұйымдарындағы салымдар | | 100 | |
| 58. | Standard & Poor's агенттігінің "BB-" төмен борыштық рейтингі немесе басқа рейтингілік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар Қазақстан Республикасының бейрезидент ұйымдарының және тиісті рейтингілік бағасы жоқ Қазақстан Республикасының бейрезидент ұйымдарының корреспонденттік шоттарындағы салымдар | | 100 | |
| 59. | Осы қосымшаның ескертуінде көрсетілген шет мемлекеттердің аумағында тіркелген Қазақстан | | 100 | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | Республикасының бейрезидент ұйымдарындағы салымдар | | | |
| 60. | Осы қосымшаның ескертуінде көрсетілген шет мемлекеттердің аумағында тіркелген Қазақстан Республикасының бейрезидент ұйымдарының корреспонденттік шоттарындағы ақша | | 100 | |
| 61. | Standard & Poor's агенттігінің "BB-" төмен борыштық рейтингі немесе басқа рейтингілік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар Қазақстан Республикасының бейрезидент ұйымдарының және тиісті рейтингілік бағасы жоқ Қазақстан Республикасының бейрезидент ұйымдарының дебиторлық берешегі | | 100 | |
| 62. | Осы қосымшаның ескертуінде көрсетілген шет мемлекеттердің аумағында тіркелген Қазақстан Республикасының бейрезидент ұйымдарының дебиторлық берешегі | | 100 | |
| 63. | Standard & Poor's агенттігінің "B-" төмен тәуелсіз рейтингі бар немесе басқа рейтингілік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас | | 100 | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | деңгейдегі рейтингі бар елдердің орталық үкіметтері шығарған бағалы қағаздар | | | |
| 64. | Standard & Poor's агенттігінің "BB-" төмен тәуелсіз рейтингі бар немесе басқа рейтингілік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар елдердің жергілікті билік органдары шығарған бағалы қағаздар | | 100 | |
| 65. | Standard & Poor's агенттігінің "B-" төмен борыштық рейтингі бар немесе басқа рейтингілік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар халықаралық қаржы ұйымдары шығарған бағалы қағаздар | | 100 | |
| 66. | Standard & Poor's агенттігінің "BB-" төмен борыштық рейтингі бар немесе басқа рейтингілік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар Қазақстан Республикасының бейрезидент ұйымдары және тиісті рейтингілік бағасы жоқ Қазақстан Республикасының бейрезидент ұйымдары шығарған бағалы қағаздар | | 100 | |
| | Осы қосымшаның ескертуінде көрсетілген шет | | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 67. | мемлекеттердің аумағында тіркелген Қазақстан Республикасының бейрезидент ұйымдары шығарған бағалы қағаздар | | 100 | |
| 68. | Сауда-саттықты ұйымдастырушы баланста ұстап тұратын және Standard & Poor's агенттігінің "BB+"-тен "BB-"-ке дейінгі кредиттік рейтингі немесе басқа рейтингілік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі немесе Standard & Poor's агенттігінің ұлттық шәкілі бойынша "kzBB+"-тен "kzBB-" дейінгі рейтингілік бағасы немесе басқа рейтингілік агенттіктердің бірінің ұлттық шәкілі бойынша осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар секьюритилендіру позициялары | | 100 | |
| 69. | Осы нысанның 51-жолында көрсетілген деңгейден төмен рейтингілік бағасы бар, сондай-ақ рейтингілік бағасы жоқ, қор биржасының ресми тізімі "Негізгі" алаңының "борыштық бағалы қағаздар" секторына енгізілген | | 100 | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | мемлекеттік емес борыштық бағалы қағаздар | | | |
| 70. | Қазақстан Республикасының және басқа мемлекеттердің заңнамасына сәйкес шығарылған, мынадай талаптарға сәйкес келетін Қазақстан Республикасы ұйымдарының мемлекеттік емес борыштық бағалы қағаздары:<br>1) борыштық бағалы қағаздар эмитенті қаржылық есептілікті ҚЕХС немесе АҚШ ҚЕС сәйкес жасайды;<br>2) осы жолдың 1) тармақшысының талаптарына сәйкес жасалған борыштық бағалы қағаздар эмитентінің қаржылық есептілігінің аудитін қор биржасымен танылатын аудиторлық ұйымдар тізбесіне кіретін аудиторлық ұйымдардың бірі жүргізеді;<br>3) борыштық бағалы қағаздар эмитенті аудиторлық есеппен расталған, қор биржасының ішкі құжаттарымен белгіленген кезеңдердегі эмитенттің қаржылық есептілігін немесе аралық қаржылық ақпаратқа шолу жасау бойынша | | 100 | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | аудитордың есебін (эмитенттің аралық қаржылық есептілігінің толық топтамасын) ұсынған;<br>4) борыштық бағалы қағаздар эмитенті акционерлерінің жалпы жиналысында бекітілген корпоративтік басқару кодексінің болуы;<br>5) борыштық бағалы қағаздар эмитентінің құрылтай құжаттарында және (немесе) бағалы қағаздар шығарылымының проспектісінде бағалы қағаздардың меншік иелерінің оларды иеліктен шығару (тапсыру) құқықтарына нұқсан келтіретін немесе шектейтін нормалар болмайды | | | |
| 71. | Басқа қаржы құралдары | | 100 | |
| | Барлығы: | | x | |

Бірінші басшы немесе есепке қол қоюға уәкілетті тұлға

__________________________________________________ __________________________

(тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса)) (қолы)

Бас бухгалтер ______________________________________ ___________________________

(тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса)) (қолы)

Орындаушы: __________________________________________ ______ __________________

(тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса)) (қолы) (телефон нөмірі)

Есепке қол қойылған күн 20__ жылғы "____" __________

Мөр орны (бар болса)

Ескерту:

Шет мемлекеттер тізбесі:

1) Андорра Княздығы;
2) Антигуа және Барбуда Мемлекеті;
3) Багам аралдары Достастығы;
4) Барбадос Мемлекеті;
5) Бахрейн Мемлекеті;
6) Белиз Мемлекеті;
7) Бруней Даруссалам Мемлекеті;
8) Вануату Республикасы;
9) Гватемала Республикасы;
10) Гренада Мемлекеті;
11) Джибути Республикасы;
12) Доминика Республикасы;
13) Индонезия Республикасы;
14) Испания (Канар аралдарының аумағы бөлігінде ғана);
15) Кипр Республикасы;
16) Қытай Халық Республикасы (Аомынь (Макао) және Сянган (Гонконг) арнайы әкімшілік аудандарының аумақтары бөлігінде ғана);
17) Ислам Федеральдық Республикасы Комор аралдары;
18) Коста-Рика Республикасы;
19) Малайзия (Лабуан анклавының аумағы бөлігінде ғана);
20) Либерия Республикасы;
21) Лихтенштейн Княздығы;
22) Маврикий Республикасы;
23) Португалия (Мадейра аралдарының аумағы бөлігінде ғана);
24) Мальдив Республикасы;
25) Мальта Республикасы;
26) Маршалл аралдары Республикасы;
27) Монако Княздығы;
28) Мьянма Одағы;
29) Науру Республикасы;
30) Нидерланды (Аруба аралының аумағы және Антиль аралдарының тәуелді аумақтары бөлігінде ғана);
31) Нигерия Федеративтік Республикасы;
32) Жаңа Зеландия (Кук және Ниуэ аралдарының аумақтары бөлігінде ғана);
33) Біріккен Араб Әмірлігі (Дубай қаласының аумағы бөлігінде ғана);
34) Палау Республикасы;
35) Панама Республикасы;

36) Самоа Тәуелсіз Мемлекеті;

37) Сейшель аралдары Республикасы;

38) Сент-Винсент және Гренадины Мемлекеті;

39) Сент-Китс және Невис Федерациясы;

40) Сент-Люсия Мемлекеті;

41) Ұлыбритания мен Солтүстік Ирландияның Біріккен Корольдігі (мынадай аумақтары бөлігінде ғана):

Ангилья аралдары; Бермуд аралдары;

Британдық Виргин аралдары;

Гибралтар;

Кайман аралдары;

Монтсеррат аралы;

Теркс және Кайкос аралдары;

Мэн аралы;

Норманд аралдары (Гернси, Джерси, Сарк, Олдерни аралдары);

42) Америка Құрама Штаттары (Американдық Виргин аралдарының, Гуам аралының және Пуэрто-Рико Достастығы аумақтары бөлігінде ғана);

43) Тонга Корольдігі;

44) Филиппин Республикасы;

45) Шри-Ланка Демократиялық Республикасы.

Әкімшілік деректерді жинауға арналған нысанды толтыру бойынша түсіндірме осы нысанға қосымшада берілген.

Салымдардың кредиттік<br>тәуекел дәрежесі бойынша<br>мөлшерленген сауда-саттықты<br>ұйымдастырушы активтерінің<br>кестесі нысанына қосымша

**Әкімшілік деректерді жинауға арналған нысанды толтыру бойынша түсіндірме**

**Салымдардың кредиттік тәуекел дәрежесі бойынша мөлшерленген сауда-саттықты ұйымдастырушының активтерінің кестесі**

## 1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы түсіндірме (бұдан әрі - Түсіндірме) "Салымдардың кредиттік тәуекел дәрежесі бойынша мөлшерленген сауда-саттықты ұйымдастырушының активтерінің кестесі" нысанын толтыру бойынша бірыңғай талаптарды белгілейді.

2. Нысан "Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын мемлекеттік реттеу, бақылау және қадағалау туралы" 2003 жылғы 4 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 9-бабы 1 -тармағының 6) тармақшасына сәйкес әзірленді.

3. Нысанды тоқсан сайын есепті кезеңнің соңына сауда-саттықты ұйымдастырушы толтырады.

4. Нысанды толтыру кезінде пайдаланылатын өлшем бірлігі мың теңгемен белгіленеді. 500 (бес жүз) теңгеден аз сома 0 (нөлге) дейін дөңгелектенеді, ал 500 (бес жүз) теңгеге тең және одан жоғары сома 1000 (бір мың) теңгеге дейін дөңгелектенеді.

5. Нысанға бірінші басшы немесе есепке қол қоюға уәкілетті тұлға, бас бухгалтер және орындаушы қол қояды.

## 2-тарау. Нысанды толтыру бойынша Түсіндірме

6. Сауда-саттықты ұйымдастырушыда осы тармаққа сәйкес түзетілген қамтамасыз ету құнын анықтауға мүмкіндік беретін осыған ұқсас есепке алу жүйесі болғанда, сауда-саттықты ұйымдастырушыда түзетілген құны аталған активтер мөлшерінің 50 ( елу) пайызынан кем емес болатын қамтамасыз етуі бар (Нысанның 1, 2, 3, 4, 5, 6, 9, 10, 11, 12-жолдарында көрсетілген активтер түріндегі) салымдар, дебиторлық берешек, сатып алынған бағалы қағаздар түзетілген қамтамасыз ету құнын шегергенде, тәуекел дәрежесі бойынша мөлшерленген активтер есебіне енгізілуі мүмкін.

Қамтамасыз етудің түзетілген құны (Нысанның 1, 2, 3, 4, 5, 6, 9, 10, 11, 12-жолдарында көрсетілген активтер түріндегі) мыналарға:

қамтамасыз ету ретінде ұсынылған салымдардың 100 (жүз) пайыздық сомасына;

қамтамасыз етуге берілген бағалы қағаздардың нарықтық құнының 95 (тоқсан бес) пайызына;

қамтамасыз етуге берілген тазартылған қымбат металдардың нарықтық құнының 85 (сексен бес) пайызына тең болады.

Жоғарыда аталған салымдардың, дебиторлық берешектің, сатып алынған бағалы қағаздардың қамтамасыз етілмеген бөлігі салымдарға, дебиторлық берешекке, сатып алынған бағалы қағаздарға сәйкес келетін Тәуекел дәрежесі бойынша Нысанға сай мөлшерленеді.

7. Қарсы агенттен төмен тәуекел дәрежесі бар ұйымдар кепілдік берген ( сақтандырылған) сауда-саттықты ұйымдастырушының инвестицияларының есебіне енгізілмеген салымдар, дебиторлық берешек, сатып алынған бағалы қағаздар, заемдар, инвестициялар тәуекел дәрежесі бойынша (сауда-саттықты ұйымдастырушының инвестицияларының есебіне енгізілмеген салымдардың, дебиторлық берешектің, сатып алынған бағалы қағаздардың, заемдардың, инвестициялардың кепілдік берілген ( сақтандырылған) сомасын шегергендегі) сараланған активтердің есебіне борышкердің тәуекелі бойынша енгізілуі мүмкін.

Сауда-саттықты ұйымдастырушының инвестицияларының есебіне енгізілмеген салымдардың, дебиторлық берешектің, сатып алынған бағалы қағаздардың,

заемдардың, инвестициялардың кепілдік берілген (сақтандырылған) сомасы тиісті кепілгердің (сақтандырылушының) дебиторлық берешегінің тәуекел дәрежесі бойынша мөлшерленеді.

8. Қазақстан Республикасының мынадай:

1) оффшорлық аймақтың аумағында заңды тұлға ретінде тіркелген;

2) жекелей алғанда жарғылық капиталға қатысу үлесінің 5 (бес) пайызынан астамын иеленуші оффшорлық аймақ аумағында тіркелген заңды тұлғаларға тәуелді немесе оффшорлық аймақ аумағында тіркелген заңды тұлғаға қатысты еншілес болып табылатын;

3) оффшорлық аймақ азаматтары болып табылатын бейрезиденттеріне ұсынылған, Түсіндірменің 6-тармағында көрсетілген салымдар, дебиторлық берешек, сатып алынған бағалы қағаздар Түсіндірменің 6-тармағында көрсетілген қамтамасыз ету болуына қарамастан, Нысанға сәйкес тәуекел дәрежесі бойынша мөлшерленеді.

9. Қазақстан Республикасының мынадай:

1) оффшорлық аймақ аумағында заңды тұлға ретінде тіркелген, бірақ Standard & Poor's агенттігінің "АА-" төмен емес борыштық рейтингі бар немесе басқа рейтингілік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар немесе міндеттемелердің барлық сомасын қамтамасыз ету үшін, аталған деңгейден төмен емес борыштық рейтингі бар бас ұйымның тиісті кепілі бар;

2) жекелей алғанда жарғылық капиталға қатысу үлесінің 5 (бес) пайызынан астамын иеленуші, оффшорлық аймақ аумағында тіркелген заңды тұлғаға тәуелді болып табылатын немесе оффшорлық аймақ аумағында тіркелген заңды тұлғаға қатысты еншілес болып табылатын, бірақ аталған деңгейден төмен емес борыштық рейтингі бар немесе міндеттемелердің барлық сомасын қамтамасыз ету үшін борыштық рейтингі осы тармақтың 1) тармақшасында аталған деңгейден төмен емес бас ұйымның тиісті кепілі бар, оффшорлық аймақ аумағында тіркелген заңды тұлғалар болып табылатын Қазақстан Республикасының бейрезиденттеріне немесе Нысанға Ескертуде белгіленген оффшорлық аумақтар тізбесіне енгізілген не Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымымен ақпарат алмасу жөнінде міндеттемелер қабылдамаған оффшорлық аймақтардың тізбесіне не жекелей алғанда жарғылық капиталға қатысу үлесінің 5 (бес) пайызынан астамын иеленуші, заңды тұлғаға қатысты тәуелді болып табылатын ұйымдарға енгізілген мемлекеттердің азаматтары не аталған оффшорлық аймақтардың аумағында тіркелген заңды тұлғаларға қатысты еншілес болып табылатын Қазақстан Республикасының бейрезиденттеріне қойылатын талаптарды қоспағанда, бейрезиденттеріне ұсынылған Түсіндірменің 6-тармағында көрсетілген салымдар, дебиторлық берешек, сатып алынған бағалы қағаздар тәуекелдің нөл дәрежесі бойынша мөлшерленеді.

бағалы қағаздар нарығын реттеу
мәселелері бойынша
нормативтік құқықтық
актілерінің тізбесіне
3-қосымша

Қазақстан Республикасының
Ұлттық Банкі Басқармасының
2012 жылғы 24 ақпандағы
№ 60 қаулысына
2-қосымша

## Акционерлік және инвестициялық пай қорлары активтерінің құрамына кіруі мүмкін қаржы құралдарының тізбесі

1. Басқарушы компания инвестициялық басқаруындағы әрбір жеке ашық не аралық инвестициялық пай қорының активтерін инвестициялайтын қаржы құралдарының тізбесі және оларға қойылатын талаптар:

| № | Қаржы құралының атауы |
|---|---|
| 1. | Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі және Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі шығарған Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздары (оның ішінде шет мемлекеттердің заңнамасына сәйкес эмиссияланған), сондай-ақ Қазақстан Республикасы Үкіметінің кепілдігімен шығарылған бағалы қағаздар |
| 2. | Қор биржасының ресми тізіміне енгізілген Қазақстан Республикасының жергілікті атқарушы органдары шығарған облигациялар |
| 3. | "Самұрық-Қазына" ұлттық әл-ауқат қоры" акционерлік қоғамы және оның еншілес ұйымдары шығарған борыштық бағалы қағаздар |
| 4. | Мына талаптардың біріне сәйкес келгенде Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктеріндегі салымдар:<br>Standard & Poor's агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша ұзақ мерзімді кредиттік рейтингі "B-" төмен емес немесе басқа рейтингілік агенттіктердің бірінің осындай деңгейдегі рейтингілік бағасы немесе Standard & Poor's ұлттық шәкілі бойынша " kzB" төмен емес рейтингілік бағасы немесе басқа рейтингілік агенттіктерінің бірінің ұлттық шәкілі бойынша ұқсас деңгейдегі рейтингі бар банктер;<br>банктер бейрезидент бас банкі Standard & Poor's агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша ұзақ мерзімді кредиттік рейтингі "A-" төмен емес немесе басқа рейтингілік агенттіктердің бірінің осындай деңгейдегі рейтингілік бағасы немесе Standard & Poor's ұлттық шәкілі бойынша "kzB" төмен емес рейтингілік бағасы бар бейрезидент еншілес банктер болып табылады |
| | |

| | |
|---|---|
| 5. | Қазақстан Республикасының немесе шет мемлекеттердің заңнамасына сәйкес Қазақстан Республикасының ұйымдары шығарған мемлекеттік емес бағалы қағаздар:<br>Standard & Poor's агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша "B-" төмен емес рейтингі немесе басқа рейтингілік агенттіктердің бірінің осындай деңгейдегі рейтингілік бағасы немесе Standard & Poor's ұлттық шәкілі бойынша "kzB" төмен емес рейтингілік бағасы немесе басқа рейтингілік агенттіктерінің бірінің ұлттық шәкілі бойынша ұқсас деңгейдегі рейтингі бар эмитенттердің акциялары және (немесе) қор биржасының ресми тізіміне енгізілген, қор биржасының ресми тізімінің "акциялар" секторларының талаптарына сәйкес келетін акциялар;<br>Standard & Poor's агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша рейтингі "B-" төмен емес немесе басқа рейтингілік агенттіктердің бірінің осындай деңгейдегі рейтингілік бағасы немесе Standard & Poor's ұлттық шәкілі бойынша "kzB" төмен емес рейтингілік бағасы немесе басқа рейтингілік агенттіктерінің бірінің ұлттық шәкілі бойынша ұқсас деңгейдегі рейтингі бар борыштық бағалы қағаздар немесе қор биржасының ресми тізіміне енгізілген, қор биржасының ресми тізімінің " борыштық бағалы қағаздар" секторларының талаптарына сәйкес келетін борыштық бағалы қағаздар;<br>қор биржасының ресми тізіміне енгізілген Қазақстан Республикасы ұйымдарының инфрақұрылымдық облигациялары;<br>басқарушы компаниясы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес құрылған заңды тұлға болып табылатын аралық инвестициялық пай қорларының (басқарушы компаниясы активтері есебінен осы пайлар сатып алынатын инвестициялық пай қорларының басқарушы компаниясы болып табылатын инвестициялық пай қорларын қоспағанда), қор биржасының ресми тізіміне енгізілген пайлары; осы эмитенттің бұрын шығарылған бағалы қағаздарына не өзге міндеттемелеріне айырбастау мақсатында эмитент міндеттемелерін қайта құрылымдау шеңберінде шығарылған бағалы қағаздар |
| 6. | Standard & Poor's principal stability fund ratings "BBm -" төмен емес не Standard & Poor's Fund credit quality ratings "BBf-" төмен емес халықаралық рейтингілік бағасы бар инвестициялық қорлардың пайлары |
| | Базалық активі осы тармақтың 5, 12, 13-жолдарында көрсетілген акциялар болып табылатын не базалық активі Standard & Poor's агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша рейтингісі "B-" төмен емес немесе |

| | |
|---|---|
| 7. | басқа рейтингілік агенттіктердің бірінің осындай деңгейдегі рейтингілік бағасы бар эмитенттердің бағалы қағаздары болып табылатын депозитарлық қолхаттар |
| 8. | Standard & Poor's агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша "BBB" төмен емес тәуелсіз рейтингі немесе басқа рейтингілік агенттіктердің бірінің осындай деңгейдегі рейтингі бар шет мемлекеттердің орталық үкіметтері шығарған мемлекеттік мәртебесі бар бағалы қағаздар |
| 9. | Standard & Poor's агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша "BBB" төмен емес тәуелсіз рейтингі немесе басқа рейтингілік агенттіктердің бірінің осындай деңгейдегі рейтингі бар елдердің шетел валютасы |
| 10. | Лондон қымбат металдар нарығының қауымдастығы (London bullion market association) қабылдаған халықаралық сапа стандартына сәйкес келетін және осы қауымдастықтың құжаттарында Лондондық сапалы жеткізілім (London good delivery) стандарты ретінде белгіленген тазартылған қымбат металдар мен он екі айдан аспайтын мерзімі бар металл депозиттері, оның ішінде Standard & Poor's агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша "A-" төмен емес рейтингілік бағасы бар немесе басқа рейтингілік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингілік бағасы бар Қазақстан Республикасының бейрезидент банктеріндегі металл депозиттер |
| 11. | Мынадай халықаралық қаржы ұйымдары шығарған бағалы қағаздар:<br>Азия даму банкі;<br>Африка даму банкі;<br>Халықаралық есеп айырысу банкі;<br>Еуразиялық даму банкі;<br>Еуропа инвестициялық банкі;<br>Еуропа Қайта құру және даму банкі;<br>Ислам даму банкі;<br>Америкааралық даму банкі;<br>Халықаралық Қайта құру және даму банкі;<br>Халықаралық қаржы корпорациясы |
| 12. | Шетел ұйымдары шығарған мемлекеттік емес бағалы қағаздар, Standard & Poor's агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша "BB-" төмен емес рейтингілік бағасы немесе басқа рейтингілік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингілік бағасы бар борыштық бағалы қағаздар және (немесе) Қазақстан Республикасының аумағында жұмыс істейтін қор биржасымен танылатын шетел аумағында жұмыс істейтін қор биржасының ресми тізіміне енгізілген борыштық бағалықағаздар; |

| | |
|---|---|
| | Standard & Poor's агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша "ВВ-" төмен емес рейтингілік бағасы немесе басқа рейтингілік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингілік бағасы бар шетел ұйымдары шығарған акциялар және (немесе) Қазақстан Республикасының аумағында жұмыс істейтін қор биржасымен танылатын шетел аумағында жұмыс істейтін қор биржасының ресми тізіміне енгізілген акциялар |
| 13. | Қазақстан Республикасының резиденттері "Бағалы қағаздар рыногы туралы" 2003 жылғы 2 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы 22-1-бабының 3-тармағына сәйкес танитын шетел ұйымы шығарған, Қазақстан Республикасының аумағында жұмыс істейтін қор биржасымен танылатын шетел аумағында жұмыс істейтін қор биржасының ресми тізіміне енгізілген мемлекеттік емес бағалы қағаздар |
| 14. | Standard & Poor's агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша "А-" төмен емес рейтингілік бағасы немесе басқа рейтингілік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингілік бағасы бар ұйымдар шығарған Principal protected notes, ол мына талаптардың біріне сәйкес келеді:<br>айналыс мерзімі бес жылдан аспайды;<br>principal protected notes шығарылым талаптарымен қандай да бір мемлекеттің, эмитенттің өз міндеттемелері бойынша дефолт жағдайы көзделмеген |
| 15. | Standard & Poor's агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша "А-" төмен емес ұзақ мерзімді кредиттік рейтингі немесе басқа рейтингілік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингілік бағасы бар бейрезидент банктердегі салымдары |
| 16. | Базалық активі ашық және аралық инвестициялық пай қорлары активтерінің құрамына кіретін қаржы құралдары, шетел валютасы, сондай-ақ мынадай есепті көрсеткіштер (индекстер) болып табылатын, хеджирлеу мақсатында жасалған туынды қаржы құралдары (фьючерстер, опциондар, своптар, форвардтар):<br>CAC 40 (Compagnie des Agents de Change 40 Index)<br>DAX (Deutscher Aktienindex)<br>DJIA (Dow Jones Industrial Average)<br>ENXT 100 (Euronext 100)<br>FTSE 100 (Financial Times Stock Exchange 100 Index)<br>KASE (Kazakhstan Stock Exchange)<br>MICEX (Moscow Interbank Currency Exchange Index)<br>MSCI World Index (Morgan Stanley Capital International<br>World Index)<br>NIKKEI - 225 (NIKKEI - 225 Index)<br>RTSI (Russian Trade System Index) |

| | |
|---|---|
| | S&P 500 (Standard and Poor's 500 Index)<br>TOPIX (Tokyo Price Index)<br>HSI (Hang Seng Index) |
| 17. | Жауапкершілігі шектеулі серіктестікке қатысу үлесі |
| 18. | Standard & Poor's агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша "BB" төмен емес тәуелсіз рейтингілік бағасы немесе басқа рейтингілік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі тәуелсіз рейтингілік бағасы бар шет мемлекеттердің аумағында жұмыс істейтін қор биржаларында саудаланатын Exchange Traded Fund пайлары |

2. Басқарушы компания инвестициялайтын қаржы құралдарының тізбесі, жылжымайтын мүлік әрбір жеке қорының инвестициялық басқарудағы активтері және оларға қойылатын талаптар:

| № | Қаржы құралдарының атауы |
|---|---|
| 1. | Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі және Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі шығарған Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздары (оның ішінде басқа мемлекеттің заңнамасына сәйкес эмиссияланған), сондай-ақ Қазақстан Республикасы Үкіметінің кепілдігімен шығарылған бағалы қағаздар |
| 2. | Қор биржасының ресми тізіміне енгізілген Қазақстан Республикасының жергілікті атқарушы органдары шығарған облигациялар |
| 3 | "Самұрық-Қазына" ұлттық әл-ауқат қоры" акционерлік қоғамы және оның еншілес ұйымдары шығарған борыштық бағалы қағаздар |
| 4. | Мына талаптардың біріне сәйкес келгенде Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктеріндегі салымдар: Standard & Poor's агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша ұзақ мерзімді кредиттік рейтингі "B-" төмен емес немесе басқа рейтингілік агенттіктердің бірінің осындай деңгейдегі рейтингілік бағасы немесе Standard & Poor's ұлттық шәкілі бойынша "kzB" төмен емес рейтингілік бағасы немесе басқа рейтингілік агенттіктердің бірінің ұлттық шәкілі бойынша ұқсас деңгейдегі рейтингі бар банктер; банктер бейрезидент бас банкі Standard & Poor's агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша ұзақ мерзімді кредиттік рейтингі "A-" төмен емес немесе басқа рейтингілік агенттіктердің бірінің осындай деңгейдегі рейтингілік бағасы бар бейрезидент еншілес банктер болып табылады |
| 5. | Мәміле жасау күніне олардың Қазақстан Республикасының аумағында жұмыс істейтін қор биржасы индексінің өкілдік тізімінде болған жағдайдағы акциялар |
| | |

| | |
|---|---|
| 6. | Қазақстан Республикасының немесе шет мемлекеттердің заңнамасына сәйкес Қазақстан Республикасының ұйымдары шығарған Standard & Poor's агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша "BB-" төмен емес рейтингі немесе басқа рейтингілік агенттіктердің бірінің осындай деңгейдегі рейтингілік бағасы немесе Standard & Poor's ұлттық шәкілі бойынша "kzB" төмен емес рейтингілік бағасы немесе басқа рейтингілік агенттіктердің бірінің ұлттық шәкілі бойынша ұқсас деңгейдегі рейтингі бар борыштық бағалы қағаздар |
| 7. | Шетел ұйымдары шығарған Standard & Poor's агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша "AA-" төмен емес рейтингілік бағасы немесе басқа рейтингілік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингілік бағасы бар борыштық бағалы қағаздар |
| 8. | Шетел ұйымдары шығарған Standard & Poor's агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша "AA-" төмен емес рейтингілік бағасы немесе басқа рейтингілік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингілік бағасы бар акциялар |
| 9. | Standard & Poor's агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша "BBB" төмен емес рейтингілік бағасы немесе басқа рейтингілік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингілік бағасы бар мынадай халықаралық қаржы ұйымдары:<br>Азия даму банкі;<br>Америкааралық даму банкі;<br>Африка даму банкі;<br>Еуропа Даму банкі;<br>Еуропа инвестициялық банкі;<br>Еуропа Қайта құру және даму банкі;<br>Ислам даму банкі;<br>Халықаралық есеп айырысу банкі;<br>Халықаралық Қайта құру және даму банкі;<br>Халықаралық қаржы корпорациясы |
| 10. | Standard & Poor's агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша "BBB" төмен емес тәуелсіз рейтинг немесе басқа рейтингілік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар шет мемлекеттердің орталық үкіметтері шығарған мемлекеттік мәртебесі бар бағалы қағаздар |
| 11. | Standard & Poor's агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша "BBB" төмен емес тәуелсіз рейтингі немесе басқа рейтингілік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар шетел валютасы |
| | Лондон қымбат металдар нарығының қауымдастығы (London bullion market association) қабылдаған халықаралық сапа стандартына сәйкес келетін және осы қауымдастықтың құжаттарында Лондондық |

| | |
|---|---|
| 12. | сапалы жеткізілім (London good delivery) стандарты ретінде белгіленген тазартылған қымбат металдар мен он екі айдан аспайтын мерзімі бар металл депозиттері, оның ішінде Standard & Poor's агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша "А-" төмен емес рейтингілік бағасы бар немесе басқа рейтингілік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингілік бағасы бар Қазақстан Республикасының бейрезидент банктеріндегі металл депозиттер |
| 13. | Хеджирлеу мақсатында жасалған туынды қаржы құралдары осы қосымшаға сәйкес базалық активі жылжымайтын мүлік қоры активтерінің есебінен сатып алуға рұқсат етілген қаржы құралдары болып табылады. |
| 14. | Жылжымайтын мүлік қорына кіретін мүлікке қызмет көрсетуді жүзеге асыратын заңды тұлғаға қатысу үлесі |

Өзгерістер енгізілетін
Қазақстан Республикасының
бағалы қағаздар нарығын реттеу
мәселелері бойынша
нормативтік құқықтық
актілерінің тізбесіне
4-қосымша

Ескерту. 4-қосымшаның күші жойылды - ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 07.06.2023 № 41 (01.07.2023 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Өзгерістер енгізілетін
Қазақстан Республикасының
бағалы қағаздар нарығын реттеу
мәселелері бойынша
нормативтік құқықтық
актілерінің тізбесіне
5-қосымша

Ескерту. 5-қосымшаның күші жойылды - ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 07.06.2023 № 42 (01.07.2023 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Өзгерістер енгізілетін
Қазақстан Республикасының
бағалы қағаздар нарығын реттеу
мәселелері бойынша
нормативтік құқықтық
актілерінің тізбесіне
6-қосымша

Ескерту. 6-қосымшаның күші жойылды – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 27.04.2018 № 79 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Өзгерістер енгізілетін

Қазақстан Республикасының
бағалы қағаздар нарығын реттеу
мәселелері бойынша
нормативтік құқықтық
актілерінің тізбесіне
7-қосымша

Ескерту. 7-қосымшаның күші жойылды – ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 26.06.2023 № 58 (01.07.2023 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Өзгерістер енгізілетін
Қазақстан Республикасының
бағалы қағаздар нарығын реттеу
мәселелері бойынша
нормативтік құқықтық
актілерінің тізбесіне
8-қосымша

Ескерту. Күші жойылды – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 27.04.2018 № 80 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Өзгерістер енгізілетін
Қазақстан Республикасының
бағалы қағаздар нарығын реттеу
мәселелері бойынша
нормативтік құқықтық
актілерінің тізбесіне
9-қосымша

Ескерту. Күші жойылды – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 27.04.2018 № 80 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Өзгерістер енгізілетін
Қазақстан Республикасының
бағалы қағаздар нарығын реттеу
мәселелері бойынша
нормативтік құқықтық
актілерінің тізбесіне
10-қосымша

Ескерту. Күші жойылды – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 27.04.2018 № 80 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Қазақстан Республикасы
Ұлттық Банкі Басқармасының
2017 жылғы 27 наурыздағы
№ 54 қаулысына
3-қосымша

## Күші жойылған Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің, сондай-ақ Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актісінің құрылымдық элементінің тізбесі

1. "Эмитенттерге және олардың қор биржасында айналысқа жіберілетін (жіберілген ) бағалы қағаздарына, сондай-ақ қор биржасы тізімінің жекелеген санаттарына қойылатын талаптарды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2014 жылғы 22 қазандағы № 189 қаулысының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9871 болып тіркелген, 2014 жылғы 3 желтоқсанда "Заң газеті" газетінде № 182 (2576) жарияланған).

2. "Эмитенттерге және олардың қор биржасында айналысқа жіберілетін (жіберілген ) бағалы қағаздарына, сондай-ақ қор биржасы тізімінің жекелеген санаттарына қойылатын талаптарды бекіту туралы" Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2014 жылғы 22 қазандағы № 189 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2015 жылғы 17 шілдедегі № 138 қаулысының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11970 болып тіркелген, 2015 жылғы 17 қыркүйекте " Заң газеті" газетінде № 138 (2724) жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

3. "Қазақстан Республикасының кейбір нормативтік құқықтық актілеріне қаржы нарығын реттеу мәселелері бойынша өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 28 қазандағы № 265 қаулысымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14733 болып тіркелген, 2017 жылғы 28 ақпанда Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған) бекітілген Өзгерістер енгізілетін Қазақстан Республикасының қаржы нарығын реттеу мәселелері бойынша нормативтік құқықтық актілері тізбесінің 13-тармағы.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК